





К.Б. Аширкулов\* , Э. Демирай ,  
 П. Ертаева , Б. Сазаева 

Нигде Өмер Халисдемир университеті, Нигде, Түркия  
 \*e-mail: kanat.ashirkulov@gmail.com

## ТАШКЕНТ АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАЛЕКТИСІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ТІЛІМЕН ЫҚПАЛДАСУЫ

Мақалада Өзбекстан Республикасының Ташкент өңірі аумағында тұратын қазақтардың сөйлеу тіліндегі лексикалық ерекшеліктері мен тілдік қарым-қатынасы, әлеуметтік лингвистикалық өзгерістер тұрғысынан қарастырылады. Қазақ тілінің лексикалық қабаты диаспоралық ортада тарихи және әлеуметтік, мәдени факторлардың ықпалы арқылы қалыптасып, көршілес өзбек тілімен ықпалдасу нәтижесіндегі даму тетіктері сипатталады. Зерттеу барысында Ташкент өңіріне тән диалектік тұрмыстық, шаруашылық, қоғамдық, әкімшілік, қала мен ауыл мәдениетіне қатысты лексикалық бірліктер талданып, олардың шығу тектері, семантикалық өзгерістері мен қолдану тәртібі туралы сипатталады.

Мақаладағы тілдік материалдар Ташкент аумағында жиналған ауызекі сөйлеу үлгілеріне, сонымен қатар диалектологиялық деректерге және соңғы жылдардағы отандық, шетелдік ғылыми зерттеулерге сүйене отырып қарастырылды. Тілдік бірліктерді талдау барысында сипаттама, салыстырмалы-диалектологиялық, әлеуметтік лингвистикалық әдістер кеңінен қолданылды. Өзбек тілімен ықпалдасудың нәтижесінде қалыптасқан кірме сөздер, лексемалар, калькалар мен аралас қолданыстардың қазақ тілінің диалектологиялық жүйесіндегі орны туралы тұжырымдалды.

Зерттеудің нәтижелері Ташкент аумағындағы қазақ тілінің диалектологиялық жүйесі мен аймақтық тілдік құбылыс қана емес, этникалық болмысты сақтау, көптілді ортада тілдік бейімделудің маңызды көрсеткіші екенін айқындайды. Ташкент өңіріндегі қазақ тілінің диалектологиясы арқылы әлеуметтік өзгерістердегі тілдік таңдаулардың сөйлеу тәжірибесіне ықпалы айқын көрініс табады. Мақала Ташкент өңіріндегі диаспора ретінде қазақ тілінің диалектологиясын кешенді түрде зерттеуге үлес қосып, қазақ-өзбек тілдік байланысының лексикалық деңгейіндегі көріністерді жүйелеуді мақсат етеді.

**Түйін сөздер:** қазақ диалектологиясы, Ташкент қазақтары, қазақ-өзбек тілдік қатынасы, тілдік ықпалдасу, диалектік лексика, диаспора тілі.

K.B. Ashirkulov\*, E. Demiray, P. Yertayeva, B. Sazayeva  
 Nigde Omer Halisdemir University, Nigde, Turkey  
 \*e-mail: kanat.ashirkulov@gmail.com

### Lexical Features of the Kazakh Dialect in the Tashkent Region and Its Interaction with Uzbek

This article examines the lexical features of the spoken language of Kazakhs living in the Tashkent region of the Republic of Uzbekistan from the perspective of linguistic contact and sociolinguistic change. It discusses how the lexical layer of the Kazakh language in a diasporic environment has been shaped under the influence of historical, social, and cultural factors and has developed through interaction with the neighboring Uzbek language. The study analyzes dialectal lexical units characteristic of the Tashkent region related to everyday life, agriculture, social and administrative spheres, as well as urban and rural culture, describing their origins, semantic changes, and patterns of use.

The linguistic material of the article is based on samples of spontaneous spoken language collected in the Tashkent area, as well as on dialectological data and recent domestic and international scholarly studies. Descriptive, comparative-dialectological, and sociolinguistic methods were widely employed in the analysis of linguistic units. The study identifies the place of loanwords, lexemes, calques, and mixed usages formed as a result of lexical and linguistic interaction with the Uzbek language within the dialectological system of Kazakh.

The research findings demonstrate that the Kazakh language of the Tashkent region represents not only a dialectological system or a regional linguistic phenomenon, but also an important indicator of

the preservation of ethnic identity and linguistic adaptation in a multilingual environment. Through the dialectology of the Kazakh language in the Tashkent region, the influence of social changes on language choice in everyday speech practices becomes clearly evident. The article aims to contribute to the comprehensive study of the Kazakh language as a diasporic dialect in the Tashkent region and to systematize the manifestations of Kazakh-Uzbek language contact at the lexical level.

**Keywords:** Kazakh dialectology, Kazakhs of the Tashkent region, Kazakh-Uzbek language contact, linguistic interaction, dialectal lexis, diaspora language.

К.Б. Аширкулов\*, Э. Демирай, П. Ертаева, Б. Сазаева

Университет Нигде Омер Халисдемир, Нигде, Турция

\*e-mail: kanat.ashirkulov@gmail.com

### **Лексические особенности казахского диалекта ташкентского региона и взаимодействие с узбекским языком**

В статье рассматриваются лексические особенности разговорной речи казахов, проживающих на территории Ташкентского региона Республики Узбекистан, с точки зрения языковых контактов и социолингвистических изменений. Отмечается, что лексический слой казахского языка в диаспорной среде формировался под воздействием исторических, социальных и культурных факторов и развивался в результате взаимодействия с соседним узбекским языком. В ходе исследования анализируются диалектные лексические единицы, характерные для Ташкентского региона, относящиеся к бытовой, хозяйственной, общественной, административной сферам, а также к городской и сельской культуре; описываются их происхождение, семантические изменения и особенности употребления.

Языковой материал статьи основан на образцах спонтанной разговорной речи, собранных на территории Ташкента, а также на диалектологических данных и современных отечественных и зарубежных научных исследованиях. В процессе анализа языковых единиц широко применялись описательный, сравнительно-диалектологический и социолингвистический методы. Определено место заимствованных слов, лексем, калек и смешанных употреблений, сформировавшихся в результате языкового и лексического взаимодействия с узбекским языком, в диалектологической системе казахского языка.

Результаты исследования показывают, что казахский язык Ташкентского региона представляет собой не только диалектологическую систему или региональное языковое явление, но и важный показатель сохранения этнической идентичности и языковой адаптации в условиях многоязычной среды. Через диалектологию казахского языка Ташкентского региона наглядно проявляется влияние социальных изменений на языковой выбор в речевой практике. Целью статьи является вклад в комплексное изучение диалектологии казахского языка как диаспорного языка Ташкентского региона и систематизация проявлений казахско-узбекских языковых контактов на лексическом уровне.

**Ключевые слова:** казахская диалектология, казахи Ташкентского региона, казахско-узбекские языковые контакты, языковое взаимодействие, диалектная лексика, язык диаспоры.

### **Кіріспе**

Тіл білімінің ХХІ ғасырдағы зерттеуді қажет ететін ең өзекті бағыттарының бірі – тілдік құбылыстарды мәдени, әлеуметтік сонымен қатар аумақтық, аймақтық факторларды негізге ала отырып салыстыра, сабақтастыра қарастыру. Көпмәдениетті, көптілді ортада өмір сүретін этникалық қауымдардың сөйлеу тәжірибесінде тілдің өзгеру тетіктері, динамикалық аспектісі, сипаты, коммуникативтік қызметі айқын көрінеді. Осы тұрғыдан қазақ тілінің Қазақстаннан тыс аймақтарда, оның ішінде Өзбекстан Республикасында қалыптасқан диалектік жүйесі тілдік, болмыстық, мәдениетаралық, әлеуметтік өзгеріс

арақатынастарын зерттеуге мүмкіндік беретін маңызды нысан болып есептеледі.

Өзбекстан Республикасы, соның ішінде Ташкент аймағы – тарихи, географиялық және әлеуметтік тұрғыдан қазақ пен өзбек халықтарының ұзақ уақыт бойы тығыз қарым-қатынаста өмір сүрген өңірлерінің бірі. Ташкент өңіріндегі қазақ қауымының сөйлеу тіліндегі ерекшеліктері оңтүстік Қазақстан диалектік белгілеріне тән болуымен қатар, өңірлік, аумақтық ерекшелігіне қарай өзбек тілінің ықпалымен қалыптасқан лексикалық ерекшеліктерімен де сипатталады. Өзбек тілімен көршілес тілдік ортада тұрақты қолданыста болатын қостілділік (билингвизм), тілдік тұрғыдан бейімделу және тілдік, кодтық

алмасулар жергілікті диалектік лексикалық қабаттарды күрделендіреді, сонымен қатар тілдің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейтеді. Осы себепті Ташкент өңіріндегі қазақ диалектісін тек аумақтық, аймақтық диалект деп қана емес, көптілді ортадағы әлеуметтік, тілдік жүйе деп қарастыру қазіргі қазақ диалектологиясы үшін маңызы зор мәселе болып отыр.

Жұмағали Ибрагимовтың «Қазақ тілінің диалектілерін зерттеудің әдістемелік мәселелері» атты мақаласында: «Диалект ұғымына бүгінгі күнге дейін біршама анықтама берілген, ал халық арасында бұл ұғым көбіне жергілікті тіл деп аталады, себебі диалектілік құбылыстар белгілі бір халық тілінің әртүрлі даму кезеңдерінде пайда болған тілдік ерекшеліктер болып табылады. Диалект дегеніміз жалпыхалықтық қолданыста болмайтын, белгілі бір территориялық аймақта ғана қолданылатын тілдік ерекшеліктер. Қандай да бір тілдік топты диалект деп атау үшін жалпыхалықтық қолданыста емес және көркем әдеби тілден ерекшеленетін сипатқа ие болуы тиіс. Диалектология тіл ғылымында қандай да бір тілдегі диалектілік айырмашылықтарды, бұл диалектілердің шығу тегін, таралу жағдайын және әдеби тілге қарым-қатынасын зерттейтін тіл білімінің бір саласы болып табылады. Диалектілік, яғни жергілікті тілдер белгілі бір аймақты мекендеген жергілікті халықтың тілдік қорындағы сөздердің алуандығымен және сөз тіркестерінің ерекшеліктерімен сипатталады», – деп көрсеткен (Ибрагимов, 2025, б. 60-61).

Тілдік байланыс (контакт) теориясын негізге алып қарасақ, ұзақ уақыт және тұрақты қарым-қатынас жағдайында тілдер арасында әртүрлі лексикалық алмасулар, семантикалық ығыстырулар, тілдік лексеманы аралас қолданыстың пайда болатыны заңды құбылыс деп қарастырылады. Өзбекстан соның ішінде Ташкент өңірі қазақтарының сөйлеу үдерісінде мұндай үдерістер айқын көрінеді, сонымен қатар оларды жүйелі түрде сипаттау қазақ-өзбек тілдерінің байланысының лексикалық деңгейдегі тетіктерін түсінуге зор мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда әлеуметтік лингвистикалық және этнолингвистикалық зерттеулерде диалектік ерекшеліктер тек фонетикалық немесе лексикалық ерекшеліктер жиынтығы ғана емес, белгілі бір қауымның дүниетанымын, әлеуметтік болмысын және мәдени тәжірибесін бейнелейтін тілдік практика ретінде де қарастырылып келеді.

Тілбілімі мен диалектологиялық ғылыми зерттеулер бойынша халықаралық зерттеулер-

дің бірінде «Тілдік вариацияны түсіндіруде диахрония (уақыт), диатопия (кеңістік), диастратия (әлеуметтік топ), диафазия (жағдаят) және диамезия (орта/медиум) өзара ықпалдасатын өлшемдер ретінде қарастырылады» (Çelikkol, Körber, Zhao, 2024, б. 2).

Осы тұрғыдан алғанда Ташкент аймағындағы қазақ диалектісінің лексикалық ерекшеліктерін зерттеу қазақ диалектологиясын жана қырынан толықтырып, Өзбекстандағы диаспора ретінде қазақ тілінің даму заңдылықтарын анықтауға зор мүмкіндік береді. Соңғы жылдары қазақ тілінің аймақтық және шетелде диаспоралық варианттарын кешенді түрде зерттеуге деген қызығушылық артқанымен, Ташкент өңірі қазақтарының диалектік лексикалық жүйесі мен өзбек тілімен ықпалдасуы арнайы тереңдетілген, жүйелі түрдегі талдауды қажет етеді. Әсіресе лексикалық бірліктердің шығу тегі, қолданылу аясы, әлеуметтік уәждері мен әдеби тілмен арақатынасы мәселелері әлі де терең зерттеуді талап етіп отыр. Осыны негізге ала отырып аймақтық диалект лексикасын нақты тілдік деректер негізінде сипаттау қазақ тіл біліміндегі өзекті ғылыми міндеттердің бірі.

Осы зерттеудің ерекшелігі – Ташкент аймағындағы қазақ диаспорасы тілінің лексикалық қабаты табиғи ауызекі сөйлеу мәтіндері негізінде қарастырылып, қазақ-өзбек тілдік байланысының диалектологиялық жүйедегі нақты көріністері эмпирикалық деректер арқылы сипатталады.

Мақаланың мақсаты да – Ташкент аймағындағы қазақ диалектісінің лексикалық ерекшеліктерін анықтап, оларды өзбек тілімен тілдік ықпалдасу тұрғысынан талдап қарастыру. Зерттеу барысында аймақтық лексикалық бірліктердің тақырыптық-семантикалық топтары айқындалып, кірме және аралас қолданыстардың қалыптасу себептері әлеуметтік тілдік контекспен қарастырылады. Мақала нәтижелері қазақ диалектологиясы мен әлеуметтік лингвистика салалары үшін теориялық әрі қолданбалы маңызға ие болып, диаспора жағдайындағы қазақ тілінің даму ерекшеліктерін сипаттауға үлес қосуды көздейді.

Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды, атап айтқанда:

- Ташкент аймағындағы қазақтардың ауызекі сөйлеу тілінде жиі қолданылатын аймақтық лексемаларды жинақтау;

- олардың тақырыптық-семантикалық топтарын анықтау;

- кірме, калька және аралас қолданыстардың қалыптасу себептерін қазақ-өзбек тілдік контактісі аясында түсіндіру.

### Материал және әдістер

Зерттеудің талдау нысанасы ретінде Өзбекстан Республикасының Ташкент аумағында өмір сүретін қазақ қауымының (диаспора) ауызекі сөйлеу тіліндегі лексикалық бірліктер сараланып алынды. Зерттеу материалы ретінде 2025 жылдың тамыз айында Ташкент облысы мен Ташкент қаласы, қазақтар тығыз қоныстанып іргелес жатқан аудандар мен ауылдарда жүргізілген диалектологиялық бақылау мен диалектологиялық экспедиция нәтижесінде жинақталды.

Зерттеу материалы әртүрлі жастағы және әлеуметтік ортадағы информанттардан жиналған ауызекі сөйлеу үлгілерінен құралды. Негізгі талдауға күнделікті тұрмыс, білім, әкімшілік қарым-қатынас және шаруашылық тақырыптарын қамтитын бес сөйлеу мәтіні алынды. Бұл мәтіндер лексикалық жиілік, табиғи қолданыс және қазақ-өзбек тілдік ықпалдасуы белгілерінің айқын көрінуі өлшемдері бойынша іріктелді.

Диалектология саласын зерттеу мен экспедицияның маңызын Т. Еназаров өз зерттеуінде былай деп айтқан: «Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі диалектологиялық зерттеулерде далалық экспедиция материалдарының жеткіліксіздігі мен диалект мәтіндерінің жүйелі түрде тіркелмеуі негізгі методологиялық мәселелердің бірі ретінде бағаланады, сондықтан табиғи ауызекі сөйлеу деректеріне сүйену зерттеудің ғылыми сенімділігін арттырады» (Еназаров, 2021, б. 2-3). Зерттеу үшін материалдарды жинақтау кезінде әртүрлі жас ерекшелігін ескере отырып жас топтарына, әлеуметтік мәртебелері мен білім деңгейіне қарай информанттармен еркін сұхбат, әңгіме, күнделікті қарым-қатынасты бақылау сынды тәсілдер қолданылды. Жангамның зерттеу мақаласында «Диалект айырмашылықтарын айқындауда әлеуметтік факторлармен қатар интонация, екпін және сөйлеу ырғағы сияқты просодикалық көрсеткіштердің де маңызды рөл атқаратыны көрсетіледі» – деп айтқан (Jangam, Salunkhe, 2024, б. 697). Табиғи орта мен сөйлеу жағдайында тіркелген диалектілік деректер лексиканың шынайы қолданыс кеңістігін айқындауға зор мүмкіндік береді. Талдауға алынған тілдік бірліктер жиілік көрсеткіші, әртүрлі информанттар сөзінде қайталануы және қазақ-өзбек тілдік байланысының нақты белгісі ретінде танылуы

бойынша сұрыпталды. Өзбекстан Республикасы оның ішінде Ташкент аумағында диаспора жағдайындағы тілдік өзгерістерді сипаттаудың негізгі дереккөздері ретінде қарастырылады.

Дәстүрлі диалектология көбіне ауылдық сөйленістерді картаға түсіру және сауалнама деректері арқылы сипаттауға бағытталса, әлеуметтік лингвистикалық диалектология қалалық кеңістікті және әртүрлі әлеуметтік топтардың тілдік тәжірибесін қамтитын кең ауқымды тәсілді ұстанады (Benard, 2025, б. 2). Бенардтың зерттеуінде айтылған осы ойды ескере келе диалектологиялық экспедиция барысында сұхбаттар әртүрлі орталарда жүргізілді. Оның мысалы ретінде информанттар ішінен сұхбаттар ауылдық және қала тұрғындарымен жүргізілгендігінде.

Семра Алийылмаздың «Ауызекі сөйленістерді (диалектілерді) зерттеу жұмыстарының түрік тілін оқыту тұрғысынан маңызы» атты зерттеу мақаласында «Осы күнгі түсінігіміз негізінде диалектология негізінен – тілдің ішкі тармақтары ретінде қарастырылып келген ауызекі сөйлеу тілінің түрлеріндегі фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін айқындап зерттейтін, оны жүйелейтін тіл білімінің бір саласы» – деп көрсетеді. «Тарихи жағынан қарастырар болсақ, осындай зерттеулер мәтіндік жинақтан (дерleme / derleme) бастау алады. Аталған жинақтаулар, ең алдымен түркі тілдері аясында, тілдердің диалектологиялық, гаворлық ерекшеліктерін айшықтаумен бірге, олардың сөздік лексемасын, сөздік қорының құрамын көрсетуде, ауыз әдеби мұраларын тіркеуді мақсат еткен» – деген (Alyılmaz & Alyılmaz, 2018, б. 12).

Осы мақалада зерттеу барысында сипаттамалы және салыстырмалы диалектологиялық тәсілдер негізгі әдістемелер ретінде қолданылды. Сипаттамалы әдісті қолдану арқылы Ташкент өңіріндегі қазақ диалектінде кездесетін лексикалық бірліктердің құрылымдық, мағыналық, функционалдық ерекшеліктері жүйеленіп алынды. Салыстырмалы-диалектологиялық әдіс болса аталған лексемаларды Қазақстан аумағының оңтүстік диалектілерімен және әдеби қазақ тілімен салыстыруға мүмкіндік ашып, олардың негізінен жергілікті сипаттама ма немесе тілдік байланыс (контакт) арқылы қалыптасқан құбылыс па екенін анықтауға негіз болды.

Зерттеу барысында сонымен қатар тілдік байланыс пен әлеуметтік лингвистикалық талдау тәсілдері де пайдаланылды. Бұл тәсілдер өзбек тілімен ұзақ уақыттан бері әрі тұрақты түрде

қарым-қатынас жасау нәтижесінде кірме сөздер, лексемалар, аралас қолданыстарды анықтауға мүмкіндік береді. Қазақ тілін диаспора тілі ретінде зерттеуде код алмасу (code-switching), қостілділік (билингвизм) сонымен қатар ұрпақаралық тілдік айырмашылықтар мен өзгешеліктерінің маңызды факторлар екені қазіргі ғылыми зерттеулер мен еңбектерде де жиі айтылуда. Осыны ескере отырып Ташкент аумағындағы қазақ диалектілерінің лексикалық қабаттары диаспорлық және этникалық сәйкестікті сақтау мен көптілді ортада тілдік бейімделудің маңызды аспектісі ретінде талданды.

Қолданылған әдістер мен жиналған материалдар Ташкент аумағындағы қазақ диалектісінің лексикалық қабатын кешенді сипаттауға, қазақ-өзбек тілдік ықпалдасуының нақты тетіктерін анықтауға және алынған нәтижелерді қазақ диалектологиясының жалпы жүйесімен салыстыра талдауға мүмкіндік береді.

### Әдебиетке шолу

Қазақ тілінің диалектология саласы тіл білімінің жеке дара дербес саласы ретінде ХХ ғасырдың алғашқы жартыжылдығынан бастап қалыптаса бастады. Дегенмен де осы кезге дейін де диалектология саласында азды-көпті зерттеулер мен еңбектер де жазылып тұрды. Диалектология саласы өз алдына дербес сала болғанға дейін тіл білімінің ішінде жалпы қарастырылып отырды. Бұл бағыттың ғылыми негізін қалауда С. Аманжоловтың еңбектері ерекше рөл атқарды. 1959 жылы алғашқы басылымы жарық көрген С. Аманжолов «Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері» еңбегінде қазақ тіліндегі аумақтық және жергілікті тілдік ерекшеліктерді жинау, сипаттау, ғылыми тұрғыдан талдау мәселесін кешенді түрде көтерген. Ғалым диалектологиялық зерттеулердің әдеби тілмен салыстыра зерттеудің маңыздылығын көрсеткен (Аманжолов, 2004).

Осыдан кейінгі зерттеулерде қазақ тілі диалектологиясының әрі қарайғы дамуы аймақтық, аумақтық, өңірлік тіпті қазақтың жүздері арасындағы тілдік ерекшеліктерді жүйелі түрде сипаттауға арналған зерттеулермен жалғасын тауып отырды. Атап айтар болсақ І. Кенесбаев, Ш. Сарыбаев, Ж. Болатов бастаған ғалымдардың «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері» (1960) еңбегінде тіл біліміне қатысты зерттеулерді жинақтаған және қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының библиографиясын

көрсеткен. Осыған қосымша ретінде С. Кенесбаев, Ш. Сарыбаев, А. Ибатов, Е. Жанпеисов, Ж. Болатов бастаған ғалымдардың «Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер» жинағы 1969-1970 жылдардағы диалектологиялық экспедицияның материалдары негізінде жазылып жарияланған. Ж. Досқараев, Ғ. Айдаров, Н. Сауранбаев, Ә. Қайдар бастаған ғалымдардың іргелі еңбектерінде де Қазақстанның түпкір-түпкіріндегі оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс және орталық аумақтардағы тілдік, диалектологиялық өзгешеліктер мен ерекшеліктер туралы жан-жақты талқыланған. Бұл еңбектердегі деректер диалектік лексикалық бірліктер тек тілдік дерек қана емес, сол аймақтардың әлеуметтік және мәдени өмірі мен тәжірибесін сипаттайтын маңызды көрсеткіш ретінде қарастырылды.

Тұрмыстық лексика өте кең, сондай-ақ тілдің сөздік құрамының маңызды бөлігін құрайды. Ол ең қажетті өмірлік маңызды ұғымдарды білдірумен байланысты болады. Тұрмыстық лексиканың семантикалық қабаттары күнделікті өмірде адам тұрмысының көптеген жақтарын қамтиды. Соған орай, қазақ, қырғыз, қарақалпақ тілдерінің тұрмыстық лексикасын зерттеу лексика-семантикалық ерекшеліктерін, лексиканың осы саласының қызмет ету сипатын анықтап қана қоймай, халықтың материалдық мәдениетімен, оның қазіргі және тарихи өткенімен танысуға мүмкіндік береді. Өмір сүру ортасының, рухани өмірдің, тұрмыс жағдайының өзгеруі және басқа да факторлар тілдің сөздік құрамына тікелей әсер етеді (Сағидолда, Жылқыбай, Құттымұратова, 2022, б. 22-23).

Қазақстандағы диалектологиялық зерттеулермен қатар, соңғы жылдардағы ізденістерде ғылыми тұрғыдан өзекті тағы бір тақырыптардың бірі – Қазақстан аумағынан тыс жерлерде өмір сүретін қазақ диаспорасының тіліне де ғылыми қызығушылықтың арта түсуі.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде Қазақстаннан тыс жерлерде тұратын қазақтардың ауызекі сөйленіс ерекшеліктеріне арналған зерттеулер қарқын ала бастады. 2005 жылы жарық көрген Қазақ тілінің аймақтық сөздігі 22 000-нан астам лексеманы қамтуымен осы саладағы елеулі олқылықтың орнын толтырды. Соңғы жылдары Б. Базылхан, Ф. Сағындықова және Ж. Бисенбаева сынды зерттеушілердің еңбектері арқылы бұл бағыттағы зерттеулер мазмұндық тұрғыдан кеңейіп, тереңдей түсті. Аталған кезеңде диалектологиялық далалық зерттеулердің ауқымы ұлғайып, шетелдерде өмір сүріп жат-

қан қазақ қауымдарының тілдік ерекшеліктері жөнінде анағұрлым мол деректер жинақталды. Әсіресе Моңғолия, Қытай, Иран және Ауғанстан аумақтарында тұратын қазақтардың тілі мен ауызекі сөйленіс сипаттамаларына ерекше назар аударылды (Semiz, İbragimov, 2025, б. 60).

Тарихи факторлар мен географиялық орналасу жағынан қарастырар болсақ бүгінгі таңда қазақ тілінің таралу аймақтарына Өзбекстан, Ресей, Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Түркменстан, Иран тіпті Түркияның кейбір аумақтарында қазақ тілі диаспора тілі ретінде өзінің тіршілігін жалғастыруда. Диаспора ретінде орныққан қазақ тілінің диалектілері тілдік орта, әлеуметтік фактор, этникалық жағдай мен ахуал тұрғысынан зерттеле бастады. Диаспора тілі ретінде қазақ тілі әртүрлі жағдайларға байланысты өзгерістер мен үдерістерге, жергілікті тілмен ықпалдасу нысаны ретінде қарастырылды. Диаспора тілі көп жағдайда жаңа тілдік ортаға бейімделу нәтижесінде өзгерістерге ұшырайтыны да белгілі. Осындай өзгерістердің болуы қазақ тілінің диалектік ерекшеліктерін зерттеуге деген қызығушылықтың күрт артуына себеп болды. Тіпті алыс-жақын шетелдерде қазақ тілінің диалектологиясы мәселесі бойынша да докторлық диссертациялары қорғалды. Атап айтқанда Түркияда соңғы жылдарда Ф. Сахипованың «Kazak Türkçesinin Merkezi, Kuzey ve Doğu (Orta Jüz) Ağızları» (2007), Ж. Ибрагимовтың «Siri Derya Boyu Kazak ağızları (Türkistan ve Kızıldorda arası)» (2020), Неслихан Сойсалдың «Kazak Türkçesi Ağızlarıyla Ölçünlü Türkiye Türkçesinin Ortak Söz Varlığı» (2024) атты докторлық және магистрлік диссертациялары диалектологиялық өзгерістер, оны Оғыз тобына жататын түрік тілінің диалектілерімен салыстыруларды қамтыды.

Қазақ тілінің диаспора тілі ретінде алыс-жақын шетелдердегі қолданысы тілдік байланыс (контакт) тұрғысынан және әлеуметтік лингвистикалық ықпалдасу жағынан маңызы зор.

Қазақ тілінің диалектілері мен говорларындағы ерекшеліктер құрамы, сипаты жағынан біркелкі емес. Олардың ішінде көне замандардан қалған тілдік белгілер де, жергілікті тіл дамуынан туған құбылыстар да, басқа тілдердің (көбінесе көрші түркі тілдерінің) әсерімен пайда болған ерекшеліктер де кездеседі. Бұл жағдай осы күнгі әдеби тіл тұрғысынан қарағанда жергілікті ерекшелік болып көрінетін сөздер мен тұлғалардың, дыбыстық құбылыстардың қазіргі дәуірге дейін өте күрделі үдерістерді басынан өткізіп, бірнеше ғасыр бойы қалыптасқанын аңғартады.

Жалпы алғанда, қазақ говорлары төмендегідей қарым-қатынасқа түскені байқалады: а) говорлардың туыс тілдермен (өзбек, татар, қырғыз т. б.) қарым-қатынасы; ә) говорлардың туыс емес, жүйесі бөлек тілдермен (орыс, араб, парсы) қарым-қатынасы; б) говорлардың әдеби тілмен қарым-қатынасы; в) говорлардың өзара қарым-қатынасы (Қалиев, Сарыбаев, 1967, б. 11).

Қазақ-өзбек тіліне байланысты зерттеулерде лексикалық кірме сөздердің, аралас қолданыстардың, қостілділіктің (билингвизм) және бұдан басқа әртүрлі тілдік алмасу құбылыстары кеңінен қарастырылады. Ұзақ мерзімді, әрі тұрақты түрде қазақ тілінің өзбек тілімен ықпалдасуының нәтижесінде қалыптасқан бірліктер де ғылыми тұрғыдан дәлелденді. Осы кезге дейінгі әртүрлі ғылыми зерттеулерде диаспора тілі мен тілдік байланыс мәселелері әртүрлі қырынан қарастырылғанымен Ташкент аймағында қалыптасқан қазақ тілінің диалектік және лексикалық болмысы мен жүйесі өзбек тілімен ықпалдасуы тұрғысынан арнайы және тереңдетілген, кешенді түрде жүйеленіп талданбаған.

Өзбекстан Республикасы Ташкент аймағына тән лексикалық бірліктер мен тақырыптық, семантикалық топтар, олардың әлеуметтік және қолданыс ерекшеліктері әлі де зерттеуді қажет етеді. Сондықтан Ташкент аймағындағы қазақ диаспорасы тілін арнайы лексикалық деңгейде қарастыру жалпы қазақ диалектологиясындағы аймақтық деректер қорын кеңейтіп қана қоймай, қазақ-өзбек тілдік контактісінің нақты тетіктерін де ашуға мүмкіндік береді. Осыны негізге ала отырып Ташкент аумағындағы қазақ диалектісінің лексикалық ерекшеліктерін ескеріп, диаспоралық тіл, тілдік қарым-қатынас тұрғысынан қазақ-өзбек тілдік контактісінің әртүрлі жағдайларын қарастырып, лексикалық деңгейде оның әртүрлі көріністерін жүйелі түрде сипаттау мақсат етіледі.

### Нәтижелер мен талқылау

Нәтижелер Ташкент аймағындағы қазақ диаспорасы тілінің лексикалық жүйесінде екі қабаттың қатар сақталғанын көрсетті: біріншісі – оңтүстік қазақ сөйленістеріне тән төл диалектілік бірліктер, екіншісі – өзбек, орыс және ішінара ағылшын тілдерімен байланыс нәтижесінде қалыптасқан кірме және аралас қолданыстар. Бұл қабаттар сөйлеу жағдаятына, әлеуметтік ортаға және тақырыптық салаға қарай әртүрлі деңгейде белсенді жұмсалатыны анықталды.

Зерттеуде Өзбекстан Республикасының Ташкент аумағында диалектологиялық экспедиция барысында информанттармен әртүрлі тақырыпта әңгіме-сұхбат құрылды. Жүргізілген диалектологиялық экспедиция нәтижесінде көптеген аудиожазбалар жазып алынды. Осы жиналған аудиожазбалар біртіндеп мәтінге ақтарылып, оның ішінен таңдалған бес ауызекі сөйлеу мәтіні (№1-№5 сұхбаттар) талданды. Әңгімелесу арқылы жүргізілген сұхбат материалдары қазақтардың диаспора жағдайындағы күнделікті өмір-салтындағы сөйлеу стилі, тәжірибесі, әлеуметтік, мәдени жағдайы, тұрмыстық әкімшілік дискурстарын өз ішіне алып, тілдік ерекшеліктер мен өзгерістердің табиғи қолданысын айқындауға зор мүмкіндік берді. Жүргізілген диалектологиялық экспедициядағы сұхбаттардың барлығы табиғи ортада, алдын ала дайындықсыз сөйлеу барысында аудиожазба түрінде алынды. Аудиожазба деректері аутентті әрі шынайы тілдік материал ретінде бағаланады.

Диалектік ерекшеліктердің төл қабаты мен аймақтық ерекшеліктері жүргізілген диалектологиялық экспедиция мәтіндерінде қазақ тілінің Қазақстанның оңтүстік аумақтарына тән бірқатар лексикалық және грамматикалық бірліктердің тұрақты түрде бүгінгі күнге дейін қолданыста сақталғаны байқалады. Әңгіме-сұхбат барысында жазып алынған материалдар мен деректер сөйлеушілердің ауызекі сөйлеу стиліндегі нұсқалар болып табылады. Сөйлеушілердің ауызекі сөйлеу барысындағы дыбыстау ерекшеліктерімен бірге мәтінге ақтарылды. Нақтылап айтар болсақ, шаруашылық және күнделікті тұрмыстық өмірге қатысты мынадай үлгілер бар: *гүбі пісу (күбі), сыйыр сауу, қурт жайу, әуіл (аула), ауқат қылыу, мал қарау, үй жыю, әлди айту, бесікке салу, пішен жинау, тұсаукесер* сынды лексемалар таңдап алынған 5 сұхбаттың (№1, №3, №5) дерлік барлығында кездеседі. Өзбекстан Республикасы оның ішінде Ташкент аумағында диаспора тілі ретінде өзінің тіршілігін жалғастырып келе жатқан қазақ тілінде сонымен бірге *ене, абысын, қайнатам (қайын ата), қожайын (күйеуі); (ходжәйын), келін, құда-жегжат, небере (немере)* сияқты лексемалардың жиі қолданыста екендігі айқындалып, қазақ этномәдени лексикасының диаспорлық ортада әліге дейін сақталып отырғанын көрсетеді. Бұл атаулар мен бірліктер тек атау қызметтегі рөлді ғана емес сонымен қатар сөйлеу барысында отбасылық құрылым мен иерархияны, дәстүрлі дүниетанымды, әртүрлі әлеуметтік рөлдерді де

сипаттап бейнелейді. Тілдік байланыс (контакт) нәтижесіндегі өзбек тілінен кірме лексемаларды талдау барысында өзбек тілінің әсерімен орныққан немесе тікелей өзбек тілінен енген лексемалар да айтарлықтай жиі қолданылатындығы да байқалды.

Сара Грей Томасон өзінің ғылыми еңбегінде – «Ұзақ уақытқа созылған, бірақ толық қос-тілділікке негізделмеген тілдік байланыс жағдайында, ең алдымен, тілге базалық емес лексика, яғни зат есімдер, сын есімдер мен етістіктер енетіні тілдік контакт теориясында дәлелденген», – деп жазған (Thomason, 2001, б. 70).

Әлеуметтік жағдай мен әкімшілік басқару, қоғамдық құрылымдарды сипаттауға негізделген сөздер де жиі кездеседі. Ол диалектологиялық экспедиция барысында құрылған әңгіме, сұхбаттардан таңдап алынған (№4) сұхбатта жиі кездест. Мысалдар арқылы осындай лексемаларды: *махалла (мәхәллә), махалла райиси (махәллә рәйісі), фухоралар йығыны (фуқоралар йығыны), район, райиси (рәйісі), обод, обод махалла (мәхәллә), ашық бюджет, орын бюджет (орен budget), инвестір* сынды көптеген өзбек тілді лексемалар мен бірнеше орыс және ағылшын тілді лексемалар да кездесті.

Аралас және кірме лексемалардың қолданысы да жиі кездесіп отырды. Атап айтқанда білім беру саласына қатысты дискурста мынадай жиіліктегі сөздер жиі байқалады: *кантракт, завуч, журнал, директір, электронды журнал, логин, пароль, интернет, телевизір, уай-фай, компетенция*. Бұл сөздер №2 және №4 жазып алынған аудиожазбалардағы әңгіме-сұхбаттар барысында кездесті. Осы сөздер қазақ тілінің грамматикалық құрылымы мен морфологиялық және синтаксистік жүйелеріне ыңғайланып, ауызекі сөйлеу стилінде еркін қолданыс тапқан. *Директір боп істедім, журнал толтырдық, электронды түрде қоямыс* формалары да бар. Сөйлеушілердің қолданысында тұрақталған.

Ташкент маңындағы қазақтардың күнделікті өмір сүруде айналысатын кәсіптерінің бірі – шаруашылық. Осы тұста шаруашылық пен тұрмыстық салаға қатысты өзбек және орыс тілдерінен енген тағы да басқа әртүрлі бірліктер де бар: *пахта (пәхтә), трасса, столба, транспарматыр, аспалт (әспәлт), газ, чеснок, памидор (пәмидор), бәдрен, балгарский, бақлажан* (№2, №4, №5) сұхбаттан. Осындай лексемалық бірліктер жергілікті әлеуметтік жағдайға байланысты орнығып, функционалды және әртүрлі қажеттіліктердің туындауынан кірген кірмелер болып табылады.

Алынған сұхбаттардағы мәтіндерде қазақ тіліндегі кейбір сөздердің мағынасы диаспоралық ортада өзгеріске ұшырап, семантикалық ығысу мен мағыналық бейімделу үдерістерін өткізгені де байқалады.

Семантикалық диалектизмдер деп жалпы халықтық қолданыстағы сөздердің диалект аясында мағыналық тұрғыдан өзгеріп қолданылуын атауға болады (Mistyuk, 2018, б. 418).

Мысалы, *қожайын (хәджәйін)* лексемасы дәстүрлі жүйедегі «*үй иесі, үй егесі*» мағынасынан *гәрі көбірек «күйеу, отағасы, отбасының ер адамы»* мағынасында айналымға енген. Оны №1 және №5 сұхбат берушілердің әңгіме барысында «*қожайыным қойшы боған*», «*қожайыным іске кетеді*» деген қолданыстарынан анық байқауға болады. Осындай мысалдар семантикалық ығысудың айқын көрінісі болып табылады. Тағы да осындай ығысуға өзбек тілінен енген мынадай лексемаларды да айтуға болады. Мысалы, *мәсләхат (маслахат) қылу, мәсләхат (маслахат) болады* тіркестері өзбек тіліндегі «*maslahat qilish, maslahat bo'ladi*» үлгісімен сәйкесіп, Ташкент аумағындағы диаспора тілі ретіндегі қолданыстағы қазақ тілінің сөйлеу тәжірибесінде тұрақты формулаға айналған. Мұны әңгімелесу барысында жазылған №1 және №4 сұхбаттардағы қолданыс жиілігінен байқадық. Осындай және осыған ұқсас қолданыстағы лексемалар калька және семантикалық бейімделу арқылы жүзеге асқанына дәлел бола алады.

Әлісжанның зерттеу мақаласында – «Тілдік қарым-қатынас жағдайында калькалау құбылысы ұғымды дәл жеткізуге қызмет ететін, тіл дамуының табиғи және функционалды тәсілі ретінде қарастырылады» (Әлісжан, 2024, б. 48-49).

Мақалаға диалектологиялық экспедиция барысында әңгіме-сұхбат кезінде жазып алынған сұхбаттардан таңдап алынған 5 сұхбатта да қазақ тілінің ауызекі сөйлеу стиліне тән диалектік жүйелер мен диалектік лексикалық тұрғалар жүйелі түрде кездеседі. Олардың қатарында (№1-№5) сұхбаттарда кездескен: *боған, боғам, болп, кеген, кегенде, пітіріп, узатты, қыламыс, білмейміс, қуанамыс, жүрміс, тәрбиелейміс* формалары бар. Осындай бірліктер Қазақстанның оңтүстік аймақтарына тән диалектік бірліктер болса да Ташкент аймағындағы диаспоралық ортадағы қазақ тілінің диалектік лексемасында *жиілігі жоғары* екені байқалады. Мұндай диалектік лексемалық бірліктер сөйлеу нормасының бір бөлігі болса да әдеби тіл нормасынан аймақтық ерекшеліктері арқылы ғана ажыратылады.

Біздің диалектологиялық экспедиция барысында топтастырған деректеріміздегі (*боған, боғам, боп, кеген, т.б.*) кездестірген лексемалардағы фонетикалық ерекшеліктер туралы *Нақысбектің «Қазақ тілінің оңтүстік говорлары»* атты еңбегінде дауыстылар мен дауыссыз дыбыстардағы өзгерістер деп төмендегідей көрсеткен.

Нақысбек – «Өзбек тілінің говорларында да көсемшенің өткен шақ формасында келгенде *л* түсіп қалады. Мысалы: *қыб (қилиб), қыған (қылған) кэб (кэлиб), боп (бүлиб), босун (бүлсин)*. Ұйғыр тілінде *л*-дың түсуі говорға ғана емес, әдеби тілге де тән құбылыс болып саналады. Мысалы: *кә(л) – кәл, кәмиди – кәлмиди, амут – алмурт, амидим – алмидим, еп – елип, кеп – келип*. Бұл құбылыс балкар тілінің баксон диалектінде (*боса да – болса да, босуын – болсун*), татар тілінің кейбір говорларында, түрік тілінде де ұшырайтыны жайлы жазылған әдебиетте деректер бар» – деп сипаттаған (Нақысбеков, 1982, б. 21).

Диалектологиялық экспедиция барысында жинақталған материалдар қазақ және өзбек тілдерінің қостілділігін (билингвизм) заңының белсенді екенін де көрсетеді. Тілдер арасында код алмасулар көбіне терминологиялық деңгейдегі қолданыс тапқан сөздерде жиі кездеседі. Мысалы, *журнал, электронды, опын бюджет (ағылшын тіліндегі «ореп»), кундалик ком, интернет* сынды бірліктер (№2, №4) сұхбаттар барысында қолданылды. Тілдік таңдаудың әлеуметтік ортаға тәуелділігін көрсететін көрсеткіштер қостілділіктің (билингвизм) айқын сипаты. Отбасылық өмір мен дәстүрлік тақырыптарда қазақ тілінің *диалектік формалары басым келсе*, білім беру саласы, әкімшілік басқару, әртүрлі инфрақұрылымды және әлеуметтік мәселелерде *аралас тілдік және кірме лексемалар* жиі қолданылады. Мұны Винтониактың ғылыми зерттеу мақаласындағы мына ойымен ұштастыра аламыз.

Диалектілік бірліктердің қолданысы сөйлеу жағдаятына және нақты әлеуметтік-коммуникативтік домендерге тәуелді түрде жүзеге асатыны қазіргі диалектологиялық зерттеулерде көрсетіледі (Vintoniak, 2024, б. 5).

Әсел Өтегенованың пайымдауынша, «көптілді ортадағы тілдік тәжірибеде қазақ, өзбек, орыс және ағылшын тілдерінің қатар қолданылуы әрқашан толық тілдік құзыретке негізделмей, шектеулі әрі фрагментті тілдік ресурстар арқылы жүзеге асатыны, сондай-ақ бұл тілдердің коммуникативтік қызметпен қатар жергілікті тиесілілік, дәстүр, заманауилық пен мәдени сәйкестілікті білдіретін символдық мәнге ие

болатыны ғылыми зерттеулерде көрсетіледі» (Utegenova, 2024, б. 400). Жоғарыда диалектологиялық экспедиция кезінде құрылған әңгіме-сұхбаттардан зерттеу нәтижелері Ташкент аймағындағы диаспора тілі ретінде қолданыста болған қазақ диалектісінің лексикалық жүйесінде семантикалық ығысулардың, фонетикалық және морфологиялық өзгерістердің, тілдік байланыс (контакт) жүйесі мен диалектік тұрақтылық, қостілділік (билингвизм) факторларының бір уақытта ықпалдасу нәтижесінде қалыптасқандығын дәлелдейді. Зерттеудің ғылыми жаңалығы Өзбекстан Республикасы, Ташкент аймағындағы қазақ диалектісінің алғаш рет табиғи ауызекі сөйлеу мәтіндері негізінде диаспоралық тіл мен қазақ-өзбек тілдік қатынасы тұрғысынан кешенді түрде сипатталғандығында. Диалектологиялық экспедиция кезінде жазылған сұхбаттар тілдік өзгерістер мен оның әртүрлі тетіктерін

көрсетіп қана қоймай, осыған дейінгі теориялық тұжырымдарды эмпирикалық деректермен толықтыра алады.

Төменде диалектологиялық экспедиция барысында жазып алынған мәтіндердің ішінен таңдалған №1-№5 сұхбаттарда кездесетін Ташкент аймағындағы диаспора тілі ретінде өмір сүріп жатқан қазақ тілінің диалектіндегі ең жиі кездесетін тілдік ықпалдасуға мысалдар кесте түрінде берілді. Мысалдар тілдік лексема, оның түрі, қайнар көзі (тілдік тұрғыдан) және қай салаға тән екендігі де көрсетілді. №1-№5 сұхбаттардағы жиілігіне қарай ең көп қайталанған 30 сөз таңдап алынып кесте түрінде ұсынылды.

Кестеге енгізілген бірліктер №1-№5 сұхбат мәтіндерінде қайталану жиілігі жоғары, тақырыптық тұрғыдан репрезентативті және тілдік ықпалдасу белгілерін анық көрсететін лексемалар қатарынан таңдалды.

#### 1-кесте

№1-№5 сұхбат мәтіндері бойынша зерттеу нәтижелері

№	Лексемалар	Түрі	Тілдік қайнар көзі	Саласы
1	Махалла (мәхәллә)	кірме	өзбек	әкімшілік
2	Райиси (рәйіс)	кірме	өзбек	басқару
3	Фухоралар йығыны (фуқора)	кірме тіркес	өзбек	әкімшілік
4	Район	кірме	орыс	әкімшілік
5	Ашық бюджет	калька	ағылш. / өзбек	басқару
6	Опын бюджет (ореп)	кірме	ағылшын	басқару
7	Инвестір	кірме	орыс	экономика
8	Кантракт	кірме	орыс	білім
9	Завуч	кірме	орыс	білім
10	Директір	кірме	орыс	білім
11	Журнал	кірме	орыс	білім
12	Электронды журнал	аралас	орыс	білім
13	Логин	кірме	ағылшын	цифрлық
14	Пароль	кірме	ағылшын	цифрлық
15	Интернет	кірме	ағылшын	цифрлық
16	Уай-Фай	кірме	ағылшын	цифрлық
17	Телевизір	кірме	орыс	тұрмыс
18	Компетенция	кірме	орыс	білім
19	Пахта (пәхтә)	кірме	өзбек	шаруашылық
20	Трасса	кірме	орыс	көлік
21	Столба	кірме	орыс	инфрақұрылым
22	Транспарматор	кірме	орыс	энергетика
23	Аспалт (әспәлт)	кірме	орыс	жол
24	Газ	кірме	орыс	тұрмыс

№	Лексемалар	Түрі	Тілдік қайнар көзі	Саласы
25	Чеснок	кірме	орыс	тұрмыс
26	Памидор (пөмидор)	кірме	орыс	егін
27	Бөдрең	кірме	өзбек	егін
28	Балгарский	кірме	орыс	егін
29	Бақлажан	кірме	орыс	егін
30	Маслахат қылу (мәсләхәт)	калька	өзбек	әлеуметтік

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан жасалды.

## Қорытынды

Зерттеуде Өзбекстан Республикасы оның ішінде Ташкент аумағында өмір сүретін қазақ қауымдастығының ауызекі сөйлеу тіліндегі лексикалық бірліктер мен ерекшеліктері, диаспоралық ортадағы қазақ-өзбек тілдерінің арақатынасы, тілдік байланысы (контакт) тұрғысынан қарастырылды. 2025 жылдың тамыз айында жүргізілген диалектологиялық экспедиция барысында әңгіме-сұхбат құру кезінде жазып алынған мәтіндердің ішінен таңдап алынған №1-№5 ауызекі сөйлеу мәтіндеріне сүйене отырып, Ташкент аймағындағы тілдік лексика, оның тақырыптық, семантикалық ерекшеліктері айқындалды. Осы зерттеу нәтижелері болса Ташкент аймағындағы қазақ тілінің қолданыстағы диалектілерінде Қазақстанның оңтүстік бөлігіне тән тілдік төл лексемалардың шаруашылық, тұрмыс, этномәдени атауларда тұрақтылығын сақтағанын айқын көрсетті. Мұндай құбылыстың бар болғаны диаспоралық ортада тілдің этникалық болмысын сақтауға деген қызметін арттырып, әртүрлі дәстүрлі, тұрмыстық, әлеуметтік мәдени тәжірибелердің тіл арқылы жалғасын тауып отырғанына нақты дәлел. Мұндай жағдайлармен бірге ұзақ уақыттардан бері өзбек тілімен қатар өміршеңдігін жалғастырып келе жатқан Ташкент аумағындағы қазақ тілінің қолданысында кірме сөздер, аралас қолданыстар, калькалардың да өз орнын тапқандығы байқалады. Бұған әлеуметтік, әкімшілік, білім беру мен басқару, цифрландыру бағыттарына қатысты лексемаларда өзбек, орыс, ағылшын тілдеріне тән бірліктер жиі кездеседі. Көптілділік тұрғысынан алып қарар болсақ бұл жағдай тілдік бейімделудің функционалдық қызметінің де ролін айқындайды. Жиналған деректерге сүйене келе тілдік таңдаудың сөйлеу ортасы мен жағдаятына, әртүрлі әлеуметтік домендерге, коммуника-

циялық қажеттіліктерге тәуелді түрде жүзеге асатынын көрсетеді.

Мақаланың ғылыми жаңалығы – Ташкент аумағында қазақ диалектісінің лексикалық жүйесін ауызекі сөйлеу арқылы, табиғи әңгіме-сұхбаттардағы мәтіндер негізінде қазақ-өзбек тілдерінің тілдік қарым-қатынасы аясында кешенді түрде сипаттауы. Мақаланың нәтижелері диаспора тіліне қатысты мәселелерді жаңа деректермен толықтырады. Зерттеу барысында қолданбалы тұрғыдан жинап алынған нәтижелер аймақтық диалектті жүйелеу мен жинақтауда, диаспоралық ортадағы тілдің сөздік жүйесін жасауға, көптілді ортадағы тілдік бейімделу үдерісінің жүзеге асуын түсіндіруде құнды материал болады.

Зерттеу материалдары болашақта қазақ диаспорасы тілінің аймақтық сөздігін жасауға, қазақ-өзбек тілдік байланысының лексикалық картасын әзірлеуге және диаспоралық сөйлеу тәжірибесін әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан жүйелеуге негіз бола алады.

## Мақала авторларының үлесі

К.Б. Аширкулов мақаланың ғылыми тұжырымдамасын әзірледі, әдістемесін айқындады және бастапқы мәтінді жазды; Э. Демирай зерттеу материалдарын жинақтап, деректерді жүйелеуге және талдауға қатысты; П. Ертаева көрнекі материалдарды дайындап, нәтижелерді тексеруге және мәтінді толықтыруға үлес қосты; Б. Сазаева ғылыми жетекшілік жасап, жобаны үйлестіруге және мақаланың соңғы нұсқасын редакциялауға қатысты.

## Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

## Әдебиеттер

- Ibragimov, Zh. (2025). Қазақ сөйленістерін зерттеудің әдістемелік мәселелері [Methodological issues in the study of Kazakh dialects]. *Türkoloji*, 122, 59–78. <https://doi.org/10.59358/ayt.1676860>
- Çelikkol, M., Körber, L., & Zhao, W. (2024). Exploring diachronic and diatopic changes in dialect continua: Tasks, datasets and challenges. *arXiv*, abs/2407.04010. <https://doi.org/10.48550/arxiv.2407.04010>
- Enazarov, T. (2021). On the teaching of Uzbek dialectology and methodology of research in this field. *Current Research Journal of Philological Sciences*, 2, 29–32. <https://doi.org/10.37547/philological-crjps-02-06-06>
- Jangam, T., & Salunkhe, P. (2024). A study of language variation analysis: A review. *International Journal of Scientific Research in Science and Technology*. <https://doi.org/10.32628/ijrst24112104>
- Benard, L. (2025). Dialectology and dialect intelligibility. *East African Journal of Arts and Social Sciences*. <https://doi.org/10.37284/eajass.8.4.3911>
- Alyılmaz, S., & Alyılmaz, C. (2018). Ağız Bilimi Çalışmalarının Türkçe Öğretimi Açısından Önemi. *Türk Dünyası Dil Ve Edebiyat Dergisi*, 45, 7-38. <https://izlik.org/JA34YA94TK>
- Аманжолов, С. (2004). Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері / Ф. Қалиев (орыс тілінен ауд.). Сөздік-Словарь.
- Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. (1960). Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы.
- Сағидолла, Г., Жылқыбай, Г., & Құттымұратова, Ү. (2022). Тұрмыстық лексиканың этномәдени мазмұны (қазақ, қарақалпақ, қырғыз тілдері материалдары бойынша). *Ясауи университетінің хабаршысы*, 125(3). <https://doi.org/10.47526/2022-3/2664-0686.02>
- Semiz, K., & Ibragimov, Zh. (2025). Kazak Türkçesi güney bölgesi ağızında ses olayları. *Ясауи университетінің хабаршысы*, 135(1). <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.145>
- Қалиев, Ф., & Сарыбаев, Ш. (1967). Қазақ диалектологиясы. Мектеп.
- Thomason, S. G. (2001). *Language contact: An introduction*. Edinburgh University Press.
- Mistyuk, T., Tum, E., & Zaeskova, S. (2018). Some aspects of modern dialectology in the course “Russian language and speech culture” for non-philological specialties. *Филологические науки. Вопросы теории и практики*, 416–421. <https://doi.org/10.30853/filnauki.2018-5-2.45>
- Әлісжан, С. Қ. (2024). Термин қалыптастырудың өзекті мәселелері. *Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы*, (4). <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-4.04>
- Нақысбеков, О. (1982). Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы. Ғылым.
- Vintoniak, O., Hnatyuk, M., Miniailo, R., Turysheva, O., & Kotvytska, V. (2024). Dialectology in modern linguistic research: Theoretical approaches and methods. *AD ALTA*, 14(1), XXXIX. <https://doi.org/10.33543/1401393944>
- Utegenova, A., Utegenova, K. T., Umarova, G. S., Utepova, N. D., Yergaliyeva, Z. K., Nurtazina, N. K., & Doskeyeva, M. Y. (2024). Translingual practices in the linguistic landscape in the western region of Kazakhstan. *Theory and Practice in Language Studies*, 14(2), 392–403. <https://doi.org/10.17507/tpls.1402.10>

## References

- Álisjan, S. Q. (2024). Termin qalyptastyrydyń ózekti máseleleri [Topical issues of term formation]. *Eýraziia gymanitarlyq institutyńnyń habarshysy*, (4). <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-4.04> (In Kazakh)
- Alyılmaz, S., & Alyılmaz, C. (2018). Ağız bilimi çalışmalarıның Türkçe öğretimi açısından önemi [The importance of dialectology studies for teaching Turkish]. *Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi*, 45, 7–38. <https://izlik.org/JA34YA94TK> (In Turkish)
- Amanzholov, S. (2004). *Qazaq tili dialektologiasy men tarikhynyn máseleleri* [Issues of Kazakh dialectology and language history] (G. Qaliev, Trans.). *Sózdik-Slovar'*. (In Kazakh)
- Benard, L. (2025). Dialectology and dialect intelligibility. *East African Journal of Arts and Social Sciences*. <https://doi.org/10.37284/eajass.8.4.3911>
- Çelikkol, M., Körber, L., & Zhao, W. (2024). Exploring diachronic and diatopic changes in dialect continua: Tasks, datasets and challenges. *arXiv*, abs/2407.04010. <https://doi.org/10.48550/arxiv.2407.04010>
- Enazarov, T. (2021). On the teaching of Uzbek dialectology and methodology of research in this field. *Current Research Journal of Philological Sciences*, 2, 29–32. <https://doi.org/10.37547/philological-crjps-02-06-06>
- Ibragimov, Zh. (2025). *Qazaq soilenisterin zertteuding adistemelik maseleleri* [Methodological issues in the study of Kazakh dialects]. *Türkoloji*, 122, 59–78. <https://doi.org/10.59358/ayt.1676860> (In Kazakh)
- Jangam, T., & Salunkhe, P. (2024). A study of language variation analysis: A review. *International Journal of Scientific Research in Science and Technology*. <https://doi.org/10.32628/ijrst24112104>
- Mistyuk, T., Tum, E., & Zaeskova, S. (2018). Some aspects of modern dialectology in the course “Russian language and speech culture” for non-philological specialties. *Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki*, 416–421. <https://doi.org/10.30853/filnauki.2018-5-2.45>
- Naqysbekov, O. (1982). *Qazaq tiliniń óntústik govorlar toby* [Southern dialect group of the Kazakh language]. *Ǵylym*. (In Kazakh)
- Qaliev, Ğ., & Sarybaev, Sh. (1967). *Qazaq dialektologiasy* [Kazakh dialectology]. Мектеп. (In Kazakh)
- Qazaq tili tarikhy men dialektologiasynyn máseleleri* [Issues of the history and dialectology of the Kazakh language]. (1960). Qazaq SSR Ǵylym akademiasynyn baspasy. (In Kazakh)

Sağidolda, G., Jylqybai, G., & Quttymuratova, Ú. (2022). *Turmystyq leksikanyń etnomádeni mazmuny (qazaq, qaraqalpaq, qyrǵyz tilderi materialdary boıynsha)* [Ethnocultural content of household vocabulary (based on materials of the Kazakh, Karakalpak, and Kyrgyz languages)]. *Iasaýi ýniversitetiniń habarshysy*, 125(3). <https://doi.org/10.47526/2022-3/2664-0686.02> (In Kazakh)

Semiz, K., & Ibragimov, Zh. (2025). Kazak Türkçesi güney bölgesi aǵzında ses olayları. *Iasaýi ýniversitetiniń habarshysy*, 135(1). <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.145> (In Turkish)

Thomason, S. G. (2001). *Language contact: An introduction*. Edinburgh University Press.

Utegenova, A., Utegenova, K. T., Umarova, G. S., Utepova, N. D., Yergaliyeva, Z. K., Nurtazina, N. K., & Doskeyeva, M. Y. (2024). Translingual practices in the linguistic landscape in the western region of Kazakhstan. *Theory and Practice in Language Studies*, 14(2), 392–403. <https://doi.org/10.17507/tpis.1402.10>

Vintoniak, O., Hnatyuk, M., Miniailo, R., Turyshcheva, O., & Kotvytska, V. (2024). Dialectology in modern linguistic research: Theoretical approaches and methods. *AD ALTA*, 14(1), XXXIX. <https://doi.org/10.33543/1401393944>

**Авторлар туралы мәлімет:**

Аширкулов Канат Бахтиярулы (корреспондент-автор) – PhD-докторант, Нигде Өмер Халисдемир университеті (Нигде, Түркия, e-mail: [kanat.ashirkulov@gmail.com](mailto:kanat.ashirkulov@gmail.com)).

Эрдинч Демирай – PhD, Нигде Өмер Халисдемир университеті (Нигде, Түркия, e-mail: [edemiray@ohu.edu.tr](mailto:edemiray@ohu.edu.tr)).

Ертаева Перизат Құрбанбекқызы – PhD, Нигде Өмер Халисдемир университеті (Нигде, Түркия, e-mail: [perizat.yertayeva@ohu.edu.tr](mailto:perizat.yertayeva@ohu.edu.tr)).

Сазаева Ботагоз Қайратовна – PhD докторант, Нигде Өмер Халисдемир университеті (Нигде, Түркия, e-mail: [b.kayratovna@gmail.com](mailto:b.kayratovna@gmail.com)).

**Information about authors:**

Ashirkulov Kanat (corresponding author) – PhD Student, Nigde Ömer Halisdemir University (Nigde, Turkey, e-mail: [kanat.ashirkulov@gmail.com](mailto:kanat.ashirkulov@gmail.com)).

Erdinc Demiray – PhD, Nigde Ömer Halisdemir University, Department of Turkish Language and Literature (Nigde, Turkey, e-mail: [edemiray@ohu.edu.tr](mailto:edemiray@ohu.edu.tr)).

Yertayeva Perizat – PhD, Nigde Ömer Halisdemir University (Nigde, Turkey, e-mail: [perizat.yertayeva@ohu.edu.tr](mailto:perizat.yertayeva@ohu.edu.tr));

Sazayeva Botagoz – PhD Student, Nigde Ömer Halisdemir University (Nigde, Turkey, e-mail: [b.kayratovna@gmail.com](mailto:b.kayratovna@gmail.com)).

**Сведения об авторах:**

Аширкулов Канат Бахтиярулы (автор-корреспондент) – PhD-докторант, Университет Нигде имени Омера Халисдемира (Нигде, Турция, e-mail: [kanat.ashirkulov@gmail.com](mailto:kanat.ashirkulov@gmail.com)).

Эрдинч Демирай – PhD, Университет Нигде имени Омера Халисдемира (Нигде, Турция, e-mail: [edemiray@ohu.edu.tr](mailto:edemiray@ohu.edu.tr)).

Ертаева Перизат Құрбанбекқызы – PhD, Университет Нигде имени Омера Халисдемира (Нигде, Турция, e-mail: [perizat.yertayeva@ohu.edu.tr](mailto:perizat.yertayeva@ohu.edu.tr)).

Сазаева Ботагоз Қайратовна – PhD-докторант, Университет Нигде имени Омера Халисдемира (Нигде, Турция, e-mail: [b.kayratovna@gmail.com](mailto:b.kayratovna@gmail.com)).

Келіп түсті: 10 қаңтар 2026 жыл  
Қабылданды: 23 наурыз 2026 жыл